

Ақтоғай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 мамырдағы 24 сессиясының № 218 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 маусымда № 4816 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, аудандық
мәслихат хатшысы*

Р. Әбеуов
Ақтоғай аудандық мәслихатының
2018 жылғы 28 мамырдағы
№ 218 шешіміне қосымша

Ақтоғай аудандық мәслихатының кейбір күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 06 қазандағы 26 сессиясының " Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" № 252 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-10-118 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 қарашадағы "Тоқырауын тынысы" № 45 (7259) газетінде жарияланған).

2. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 06 қазандағы 26 сессиясының " Кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне бір жолғы талон құнының бағасын белгілеу туралы" № 253 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-10-119 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 қарашадағы "Тоқырауын тынысы" № 45 (7259) газетінде жарияланған).

3. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы 10 сессиясының "Тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" № 92 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2116 болып тіркелген, 2013 жылғы 25 қаңтардағы "Тоқырауын тынысы" № 3 (7373) газетінде жарияланған).

4. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы 33 сессиясының " Ақтоғай ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын салықтардың базалық

ставкаларын ұлғайту туралы" № 301 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3346 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 шілдедегі "Тоқырауын тынысы" № 33 (7507) газетінде, 2015 жылғы 13 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 ақпандағы 40 сессиясының " Ақтоғай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 11 қарашадағы XXXVI сессиясының № 337 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 376 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3697 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 наурызындағы "Тоқырауын тынысы" № 11 (7539) газетінде, 2016 жылғы 31 наурызында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

6. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы 3 сессиясының " Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" № 28 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3814 болып тіркелген, 2016 жылғы 03 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

7. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы 4 сессиясының " Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" № 42 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3887 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).